



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 30 шілде

### 2018 жылғы 20 шілдеден 27 шілде аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

2018 жылғы 27 шілдедегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,2%-ға нығайып (346,68-ден), 346,15 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 20 шілдеден 27 шілде аралығында маңызды оқиғалар Д.Трампың Еурокомиссияның басшысы Жан-Клод Юнкермен кездесуі және автомобильге жатпайтын өнеркәсіптік тауарлар бойынша баждардың, тарифтен басқа кедергілер мен субсидиялардың болмауы бағытында жұмыс істеу туралы бірлескен өзара келісушілік, ЕОБ-нің пайыздық мөлшерлемелерді өзгеріссіз қалдыруы және ЕОБ-нің облигацияларды нарықтан ай сайын сатып алу бағдарламасын желтоқсанға қарсы тоқтатуы, АҚШ компанияларының тоқсандық есептіліктерді жария етуі, атап айтқанда Facebook акцияларының сарапшылардың болжаған деректерінен төмен түсуі болды. Осы факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда біршама құбылмалығына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** Түркия Орталық банкі апталық РЕПО-ның мөлшерлемесін өзгеріссіз 17,75% деңгейінде сақтағаннан кейін 1,3%-ға (4,79-ден 4,85-ке дейін) әлсіреді;
- **Үндістан рупиясы** 0,3%-ға (68,85-тен 68,66-ға дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** 0,5%-ға (14 495-тен 14 417-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** Ресей Банкінің негізгі мөлшерлемені 7,25% деңгейде сақтау аясында 1,3%-ға (63,51 –ден 62,71-ге дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** Бразилия Президентіне кандидат Джеральдо Алкминнің центристік партия тарапынан қолдау табуы аясында 1,6%-ға (3,77-ден 3,71-ге дейін) нығайды.
- **Оңтүстік Африка рэнді** ОАР Президенті Сирил Рамафостың Қытайдың ОАР-ға инвестициялауға әзірлігі және Қытайдан 14,7 миллиард АҚШ доллары мөлшерінде алынған инвестициялар туралы мәлімдемесі аясында 1,7%-ға (13,40-тан 13,17-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ-тың сауда өкілі Роберт Лайтхайзердің НАФТА бойынша сауда–саттық әріптестердің келесі айда 24 жылдық пактіні қайта қарау туралы алдын ала келісім жасау ықтималдығы туралы мәлімдемесінен кейін 2,1%-ға (19,02-ден 18,63-ке дейін) нығайды;

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)